

Қ.Мамытов атындағы жалпы білім беретін мемлекеттік мекемесі



*Мектеп тәлімгерінің 2023-2024 оқу жылының
жылдық есебі.*

23-24

Қыркүйек айынан бастап Республикалық бірыңғай «Жас ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының 7 бағыты бойынша жұмыстар атқарылуда.

«Жас Ұлан» қызметінің негізгі бағыттары:

- 1.Зерде
- 2.Экоәлем
- 3.Руханият
- 4.Жеті жарғы
- 5.Отан
- 6.Еңбек
- 7.Салауат

Мектепте 1 қыркүйек Білім күніне арналған салтанатты жиын сағат 9 -00 де 1-сыныпқа аяқ басқан бүлдіршін балалардан басталды.

1 қыркүйек білім күні мен мектеп директоры Е.Адылбеков бүлдіршіндерді білім күнімен құттықтап, концерттік бағдарлама ұсынылды. 1-11 сынып аралығында **«Білімді ұрпақ жарқын болашақ»** тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

02.09.2023 жылдан бастап күнделікті мектеп оқушыларының мектепке келуі күнделікті қадағалануда. Бұл жұмыс жыл соңына дейін атқарылуда.

09.09.2023 жылы 8-11 сынып аралығынада қыздар жиналысы өткізілді. Қыздар жиналысында қаралған басты мәселе **«Қызғалдақ»** қыздар ұйымының төрайымын сайлау. Сайлау ашық дауыс беру арқылы өткізілді, мұнда 3 үміткер ауысқа түсіп, Меймахан Аделья 80 % дуыспен қыздар ұйымының төрайымы болып сайланды.

Мүшелері: Орынбасар Аружан -9 сынып оқушысы
Қазан айында 5-7 сынып аралығында **«таза мектеп»** атты мектепшілік сенбіліктер өткізіліп мектеп айналасын қоқыстан тазарту жұмыстары жүргізілді.

13.09.2023 жылы Жас Ұлан балалар мен жасөспірімдер ұйымының ұланбасшысын сайлау жөніндегі 8-11 сынып аралығында жиналыс өткізілді. Мектеп Ұлан басы лауазымына үміткерлер ашық дауыс беру арқылы сайланды.

Мектеп Ұлан басы болып Хасан Мөлдір 10 сынып оқушысы сайланды.

Айдың соңғы аптасынан бастап, «**Жас ұлан**» ұйымының оқушыларымен бірлесе «**Мектеп –білім тірегі, Ұстаз оның жүрегі**» атты концерттік бағдарлама қойылып, мектеп ұстаздарына жақсы көңіл күй сыйлады.

19 қазан күні мектебімізде «Алтын күз Аруы-2023» байқауы өткізіліп аруларымыз түрлі өнер сайыстары бойынша сайысқа түсіп жеңімпаздар түрлі сыйлықтармен мақтау қағаздары мен марапатталды.

Біртұтас тәрбие бағдарламасының» жоспарына сәйкес, «Тоғыз айға 9 іс-шара» жоба аясында 25 қазан республика күніне орай 23 қазан күні сағ 12-00 де ұстаздар мен оқушылардың қатысуымен «Ән ұран орындау» челленджи өткізілді.

24 қазан күні «**Ел ертеңі Жас Ұлан**» тақырыбында мерекелік концерттік бағдарлама ұйымдастырылып, «Жас ұлан» ұйымына мектептің 4 сынып оқушылары арасынан үздік, екпінді, қоғамдық жұмысқа белсене ат салысатын, өз отанына адал 40 оқушы «Жас қыран» ұйымына 68 оқушы салтанатты түрде қабылданды.

«28 қараша күні «Ақ шағала» би байқауы 5-10 сынып арасында ұйымдастырылып, би екі кезеңде өткізілді. «Ақ шағала» би байқауына қатысқан бишілеріміз жүлделі орындармен марапатталды.

Тәуелсіздік ең басты құндылығымыз 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне орай Қ.Мамытов атындағы жалпы білім беретін мектеп оқушылары «Тәуелсіздік –тұғырым» тақырында іс-шаралар өткізілді.

Желтоқсан айының соңында 8-11 сынып оқушылар арасында мектеп инспекторларымен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша «Слова пацана. Кровь на асфальте» атты телехикаясына еліктемеу мақсатында және зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша тәрбиелік мағынасы бар түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

27-28 желтоқсан күндері «Қош келдің жаңа жыл» атты мерекелік кеш ұйымдастырылып мектеп оқушылары мектебіміздің кішкентай бүлдіршіндеріне жақсы көңіл күй сыйлап ұлу жылын біздің оқушылар үлкен дайындықпен қарсалып, ата-аналар мен оқушылар өз ризашылықтарын білдірді.

Қаңтар айынан бастап мектеп оқушыларын «Көркемөнерпаз 2024 ж байқауына дайындық жұмысы жүргізілді. Мектеп оқушылары байқауға би билеп ән айтты. Ақпан айының 29 күні ауылдық мәдениет үйінде көркемөнерпаз байқауы өткізіліп, аудандық кезеңге біздің оқушылардың қазақша биі «Көш керуен» би тобы және жеке ән шырқаған жезтаңдай әнші келесі кезеңге өтті.

1-наурыз «Алғыс айту» күніне 10 а сынып оқушылары ұйымдастырған мерекелік іс шара өткізілді. Мектеп ұстаздарына өздерінің қолынан жасаған сыйлықтары мен құттықтау қағаздары таратылып ұстаздарға өз алғыстарын жеткізді.

Наурыз айының аяғынан бастап 5-10 сынып оқушыларының арасынан «Жас ұлан» аймақтық саптық жүріс және ән айту байқауына оқушылар іріктеліп алынып дайындық жұмыстары жүргізілді.

Сәуір айның 18 күні қазақстан мектебінде өткізілген аймақтық іріктеу жарысына қатысып, аудандық жарысқа жолдама жеңіп алды.

Сәуір айының 30 күні аудандық кезеңде өткізілген саптық жүріс және ән айту байқауына 5 сынып оқушылары байқауға қатыстырылды.

6 мамыр күні Қ.Мамытов атамиздың ескерткішіне мектеп оқушылары, мектеп директоры және ауыл биі гүл шоқтарын қойды.

Бітіруші түлектер 25 мамыр соңғы қоңырау мерекелік іс-шараға дайындық жұмыстарын жүргізуде.